

**"Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 4 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі С.П.Нұғымановтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты И.Ә.Өміровтің, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Б.К.Байқадамовтың

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының төрағасы М.Т.Әлімбековтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілдері - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаев пен Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры аппаратының басшысы С.Ф.Темірболатовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің, өзіне қол қоюға ұсынылған "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.М.Нұрмағамбетовтың хабарлауын, отырысқа қатысушылардың, сарапшының - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң факультеті деканы, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Әбдірәсіловтің, "Адам құқықтары үшін хартия" қоғамдық қорының атқарушы директоры Ж.Ө.Тұрмағамбетованың сөйлеген сөздерін тыңдап, сондай-ақ мамандардың - Қазақ гуманитарлық-заң университетінің ұлттық және халықаралық құқық факультеті деканы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ж.Қапсалямұлының және Қазақ гуманитарлық-заң университетінің азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты,

доцент Ш.Ү.Жекебаевтың қорытындыларымен танысып шығып, **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады:**

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесіне 2006 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 21 тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Конституциялық заңның 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Республика Президентінің Республика Парламенті 2006 жылғы 8 маусымда қабылдап, өзіне қол қоюға 2006 жылғы 14 маусымда ұсынылған, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы өтініші келіп түсті.

Заңның конституциялылығын тексеру кезінде Конституциялық Кеңес мынаны е с к е р д і .

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары (Конституцияның 1-бабының 1-тармағы), бұл Қазақстан Республикасы үшін жалпы адамзат құндылықтарының басымдығы болатынын айғақтайды (Конституциялық Кеңестің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы N 18 / 2 қ а у л ы с ы ) .

Негізгі Заңның 12-бабының 1-тармағында: "Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі", - делінеді. Бұл норманың мазмұнынан келіп шығатыны мемлекет адам құқықтары мен бостандықтарына Конституциямен және соған сәйкес келетін нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шектерде кепілдік береді ( Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 28 қазандағы N 6/2 қаулысы). Бұл ретте әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы (Конституцияның 13-бабының 1-тармағы). Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқық қорғаушылық қызметі осы тәсілдердің бірі болып табылады.

Аталған конституциялық ережелерді дамыта отырып Республика Парламенті осы қаралып отырған, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сот талқылауына қатысуының процессуалдық-құқықтық тәртібін реттейтін Заңды қабылдаған.

Заң Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізудегі процессуалдық мәртебесін айқындайды, оған бірінші инстанциядағы сотта сот талқылауына қатысу, сондай-ақ сотқа немесе прокуратураға соттың заңды күшіне енген үкімін немесе қаулысын тексеру туралы өтінішпен жүгіну құқығын береді. Тұтас алғанда Заң Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сот ісін жүргізу аясындағы құқық қорғау мүмкіншіліктерін кеңейтуге бағытталған.

Сонымен бірге, Заңға жасалған талдау оның кейбір нормалары Конституцияның жекелеген ережелеріне сай келмейтінін көрсетеді.

Заңның 1-бабы 1-тармағының 2) тармақшасымен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға "соттың заңды күшіне енген үкімін немесе қаулысын тексеру туралы өтінішпен" жүгіну құқығы беріледі. Осы тармақтың 3) тармақшасымен "Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сот талқылауында өзінің өкілеттіктерін іске асыру үшін процеске өз бастамасы бойынша немесе іске қатысушы адамдардың бастамасы бойынша кірісе алады", - деп белгіленеді. Дәл осындай нормалар Заңның осы бабының 2-тармағының 1) тармақшасында да бар.

Алайда, Конституцияның 75-бабының 2-тармағымен, сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады, деп бекітілген. Конституцияның 61-бабы 3-тармағының 1) және 6) тармақшаларымен, Республика Парламенті аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауапкершілігіне, сондай-ақ сот құрылысы мен сотта іс жүргізу мәселелеріне қатысты түбегейлі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар қабылдауға хақылы.

Келтірілген конституциялық ережелерден келіп шығатыны, сотта іс жүргізу, соның ішінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сот талқылауына қатысуы және заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарау мәселелері, тек заңдармен ғана реттелуі мүмкін. Бұл құқықтық позиция сондай-ақ Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 7/2, 1999 жылғы 5 мамырдағы N 8/2, 2002 жылғы 15 ақпандағы N 1, 2002 жылғы 5 тамыздағы N 5, 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 4 және 2005 жылғы 23 тамыздағы N 6 қаулыларынан келіп туындайды.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы N 213-І Заңының 1-бабы 2) тармақшасына сәйкес "заңнама" ұғымы белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің бүкіл жиынтығын қамтиды, олардың қатарына заңдар ғана емес, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер де жатады. Бұдан келіп шығатыны, қаралып отырған Заңның жоғарыда көрсетілген нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің сотта іс жүргізуге қатысуының жекелеген мәселелерін заңдармен ғана емес, заңдық күші аз нормативтік құқықтық актілермен де реттеуге мүмкіндік береді, ал бұл адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу деңгейін төмендетуі мүмкін.

Осыған орай Конституциялық Кеңес, жоғарыда көрсетілген, Заңның 1-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 2-тармағының 1) тармақшасында берілген нормалар Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 1) және 6) тармақшаларының және 75-бабы 2-тармағының ережелеріне қайшы келеді

д е п

е с е п т е й д і .

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31-33 және 37-баптарын, 38-бабының 1-тармағын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасының Парламенті 2006 жылғы 8 маусымда қабылдап, Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына 2006 жылғы 14 маусымда ұсынылған, "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес емес деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 1-тармағына сай "Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу және Азаматтық іс жүргізу кодекстеріне Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін қамтамасыз ету мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылмайды және ол қолданысқа енгізілмейді.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Конституциялық Кеңесінің*

*Төрағасы*